



# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- 6B01306 - Бастауыш білім ағылшын тілінде

|                                                   |                                                                                                                                                                                                                                |
|---------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>БІЛІМ БЕРУ<br/>БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ<br/>МАҚСАТЫ</b> | Интеграцияланған пәндік-тілдік оқыту технологиясына сәйкес үштілділік жағдайында кәсіби қызметті жүзеге асыруға және оңтайландыруға қабілетті білім берудің бастауыш сатысы үшін педагогтарды ағылшын тілінде оқытумен даярлау |
| <b>КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ<br/>САЛАСЫ</b>                   | <ul style="list-style-type: none"><li>- білім беру;</li><li>- тәрбиелік;</li><li>- әдістемелік;</li><li>- зерттеушілік;</li></ul>                                                                                              |

# ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН 1 – білім алушылардың жалпыадамзаттық және базалық ұлттық құндылықтар негізінде рухани-адамгершілік тәрбиесінің ұстанымдарын олардың бірлігінде жүзеге асырады;

ОН 2 – пәндік-тілдік оқыту технологиясын қолдануды ескере отырып, базалық пәндерді ағылшын тілінде оқытумен оқу үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктерін түсінеді, ғылыми-әдістемелік және ресми-іскерлік тілдік стилінде жазбаша мәтіндерді үш тілде құрай алады; қазіргі лингвистика саласындағы теориялық негіздер мен ережелерді практикада қолданады, мақсатты тілдерде: қазақша Т1, орысша Т2, ағылшынша Т3 қарым-қатынас жасауды, тілдік мәдениетті, академиялық салада, сонымен бірге мәдениетаралық өзара әрекеттесу жағдайында жазбаша және ауызша қарым-қатынас жанрларын меңгереді;

ОН 3 – кәсіби салада ақпарат көздерін үш тілде іздеу дағдыларын қолданады, қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын қолдануға, әдістемелік материалдар әзірлеуге, білім алушыларға, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға тиімділігін бағалауға қабілетті;

ОН 4 – мәдениетаралық өзара әрекеттесу үдерісінде мәдениеттердің әр түрлілігін талдауға және ескеруге қабілетті, әлеуметтік әдет-ғұрыптармен адамдардың мінез-құлқындағы айырмашылықтардың пайда болу себептері туралы білімге сүйене отырып, халықтың ұлттық, этномәдени және діни ерекшеліктері мен дәстүрлерін біледі;

ОН 5 – негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларының мазмұндық компоненттерін жобалайды, дұрыс іскерлік шешімдер қабылдауға қажетті тез өзгеретін экономикалық ақпараттың рөлін түсінеді, білім берудегі менеджментті және электронды құжаттаманы қолданады;

ОН 6 – қазіргі заманғы коммуникациялық технологияларды, соның ішінде академиялық және кәсіби өзара әрекет үшін шет тілінде қолданады; оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі теорияларын қолданады, оқушылардың субъективтілігін, қарым-қатынасын, адамгершілік пен толеранттылықты, ынтымақтастық пен сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту үшін оқыту мен тәрбиелеудегі әдістемелік тәсілдемелерді қолданады;

ОН 7 – білім беру үдерісінде жас ерекшеліктеріне сәйкес әр түрлі іс-әрекеттерді, заманауи цифрлық, ақпараттық және коммуникациялық технологияларды ұйымдастыру амалдарын қолданады;

ОН 8 – бастауыш мектеп пәндерінің мәнін, олардың теориялық, әдіснамалық және әдістемелік негіздерін бағалайды; оқушының жетістіктерін критериялы бағалауды қолданады;

ОН 9 – оқу-тәрбие үдерісінің мазмұнын талдауға қабілетті, барлық субъектілердің қызметін бағалай алады, заманауи әдістерді, оқыту технологиясын таңдайды және қолданады, бастауыш сынып пәндері бойынша оқу сабақтарын жоспарлайды және өткізеді, кері байланыс алудың әдістері мен құралдарын игереді, рефлексия әдістері мен тәсілдерін қолданады; оқушының көптілді тұлғасын тәрбиелеуде мақсатты түрде оқу-тәрбие үдерісін модельдейді;

ОН 10 – теориялық білімдерін практикада қолданады, практикалық әрекет саласында педагогикалық шеберлік пен зерттеу дағдыларын дамытады;

ОН 11 – психологиялық-педагогикалық зерттеу әдістерін модульдейді, өнімді жасау үшін гипотезаны, құбылысты немесе оқиғаны жүйелі түрде түсіндіру үшін әртүрлі дереккөздерден ақпаратты талдайды, жинақтайды, шығармашылықпен түрлендіреді.